ҚАЗТЕМІРТРАНС

2013

Жылдық есеп
Годовой отчет
Annual report



МАЗМҰНЫ

4 «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

6 «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ (ПРЕЗИДЕНТІНІҢ) АЛҒЫ СӨЗІ

10 ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ МЕН КОМПАНИЯНЫҢ КӨЛІК СЕКТОРЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

12 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

14 КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ

15 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

16 КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

18 КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

19 БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

20 ЕНШІЛЕС, ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕР, ФИЛИАЛДАР

22 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

24 КОМПАНИЯДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

25 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

26 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

29 БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

30 НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

32 ЖҮК ВАГОНЫ ПАРКІНІҢ ТАСЫМАЛДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІ

32 ВАГОН ПАРКІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ДҰРЫС ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

34 ЖҮК ВАГОНЫ ПАРКІН ЖАҢАРТУ

36 ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ДАМЫТУ

37 ЭКОЛОГИЯ, КӘСІБИ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

38 IT-ТЕХНОЛОГИЯЛАР

40 ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

42 ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

42 АКТИВТЕР, МЕНШІКТІК КАПИТАЛ

43 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

44 ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУ

70 ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ КАДРЛЫҚ САЯСАТ

72 ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

73 ПЕРСОНАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ІРІКТЕУ

73 ПЕРСОНАЛДЫ ДАМЫТУ

74 ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

74 ЖАСТАР САЯСАТЫ

78 МЕКЕНЖАЙЛАР МЕН БАЙЛАНЫСТАР

2013 ЖЫЛ ЕСЕБІНДЕГІ «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУ СӨЗІ

Қанат АЛПЫСБАЕВ
«Қазтеміртранс» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Логистика жөніндегі
вице-президенті

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, СЕРІКТЕСТЕР!

Қазақстанның темір жол саласы ел экономикасының қарқындап дамып келе жатқан іргелі саласының бірі. Сала ішіндегі өндірістік және техникалық әлеует тұрақты негізде ұлғайып, бүгінгі таңда 150 мың адамнан астам адамды жұмыспен қамтып отыр.

Таяу жылдары Қазақстанда көлік-логистикалық орталықтарының желісі құрылмақ. Бұл тұрғыда елеулі рөл «ҚТЖ» ҰК» акционерлік қоғамының еншілес компаниясы, республика аумағы бойынша темір жол арқылы өтетін жүк тасымалының 60%-дан астамын жүзеге асырып отырған Қазақстан Республикасындағы ең ірі жүк вагоны паркінің операторы – «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамына жүктеліп отыр.

2013 жылға тура келген өзінің он жылдық мерейтойын «Қазтеміртранс» АҚ тұрақты өсіммен және жоғары көрсеткіштермен атап өтті. Компанияның қызметі ел экономикасындағы жүк тасымалдау қажеттігін қамтамасыз етіп, салалық жобаларды жүзеге асыруға, активтерді жаңартып-жаңғыртуға және темір жол тасымалындағы тиімділік пен қызмет сапасын арттыруға бағытталған.

2013 жылы «Қазтеміртранс» АҚ жүзеге асырған жүк тасымалының ауқымы 91 млн тоннадан асып түсті, оның ішінде 73 млн тоннадан астам жүк ауқымы Қазақстан аумағында тасымалданды. Экспорт-импорт қатынасындағы тасымал 17 млн тонна шамасын құрады, сол сияқты 1 млн тонна шамасындағы жүк ауқымы біздің еліміз арқылы өтетін темір жол транзитінің еншісінде.

Көлік және логистикалық қызмет түрін тоқтаусыз негізде сапалы етіп ұсыну жүк вагоны паркін жаңартып-жаңғыртуды талап етеді. Соңғы жылдардағы инвестициялардың кең ауқымы ҚТЖ компаниялар тобының негізгі актив түрлері бойынша қалыптасқан жағдайды, яғни олардың тозып, ескіруін барынша өзгертуге мүмкіндік берді. Сөйтіп, 2008 жылмен салыстырғанда 2013 жылы жүк вагондарының тозу көрсеткіші 71%-дан 46%-ға дейін төмендеді.

Өткен жылы «Қазтеміртранс» паркі 2000-дай жүк вагонымен толықтырылды, оның ішінде жартылай вагондар, цистерналар және астық тасушы хоппер вагондар бар. Сондай-ақ, отандық өнім өндірушіні қолдау ретінде «Қазақстанның вагон жасаушы компаниясы» ЖШС шығарған 1 501 жартылай вагон сатып алынды.

Бұл жылдары «Қазтеміртранс» АҚ қызметі ел экономикасының темір жол арқылы жүк тасымалдау қажеттілігі мен темір жолға арналған машина жасау өнімін шығаруға, активтерді жаңғыртып, көлік-логистикалық жүйесін қалыптастыруға және құзырлық жаңа міндеттерді дамытуға, тиімділік көрсеткіштері мен қызмет сапасын арттыруға бағытталды. Компанияның тиімді де табысты жұмысының нәтижесі Standard & Poor's және Moody's Investors Services халықаралық рейтингтік агенттіктері тарапынан атап өтілді. Әрине, бұл бағытта атқарылып жатқан шаралар өз жалғасын табуда. Сәйкесінше, тиімді де нәтижелі қауіпсіз қызмет, жүк тасымалы ауқымын кеңейту, әлеуметтік жауаптылық сынды мәселелердің стратегиялық мәні одан сайын артып, Компанияның өсіп-өркендеуіндегі басты талаптардың бірі болып қала бермек.

Өз тарапымыздан, Компания алға қойған міндеттерді ойдағыдай орындап, жүзеге асыра алатынын біз нық сеніммен айта аламыз, оның ішінде Қазақстанның көлік-логистикалық жүйесін дамытып, еліміздің транзиттік әлеуетін арттыру бағытындағы шаралар бойынша да.

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ (ПРЕЗИДЕНТІНІҢ) АЛҒЫ СӨЗІ

Ержан ЖАКИШЕВ
«Қазтеміртранс» АҚ президенті

ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, СЕРІКТЕСТЕР ЖӘНЕ КЛИЕНТТЕР!

Біздің Компания үшін 2013 жыл мерейлі жыл болды. Қазақстанның темір жол саласын реформалау барысында осыдан он жыл бұрын, яғни 2003 жылдың 21 қазанында «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы негізінде – «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы құрылған еді. Әрине, алпауыт тарих аясынан алып қарағанда он жыл дегеніміз айтарлықтай елеулі көрсеткіш емес. Алайда, бар тарихы тәуелсіз жас мемлекеттің қалыптасып, дамуымен бітісе-қайнасып шыңдалып жатқан компания үшін арада өткен он жыл – екпіндеп өсу және нарық ішіне белсене араласу кезеңіне сайма-сай келді. Яғни, біз жүк тасымалы нарығына өзіндік меншікті жылжымалы құрамы бар белсенді компания ретінде қатысып отырмыз. Осынау жылдар орамында біздің кәсіпорын ондаған адам ғана жұмыс істейтін шағын ұйымнан буырқана дамыған компанияға айналып, толыққанды өсіп-өркендеп, бүгінде Қазақстанның барлық ірі қалаларында және алыс-жақын шет елдерде фронт-кеңсе аймақтық желілерін іске қосып отыр.

Бүгінгі таңда «Қазтеміртранс» АҚ меншігіндегі вагон паркінде 65 мың бірлік көлік техникасы бар, яғни жабық вагондар мен жартылай вагондар, платформалар, цистерналар, бидай тасушы, цемент тасушы вагондар және т.б. Тасымалданатын жүк ауқымының басым бөлігі бұқаралық қолданысқа қажет үйме салмақтағы және құйылмалы жүк түрлерін құрайды, оның ішінде, көмір, бидай, мұнай және мұнай өнімдері, кен қазбалары мен минералды тыңайтқыштар бар.

«Қазтеміртранс» АҚ даму кезеңінің қиын соқпақтарын оңай еңсеріп, вагон паркінің жылжымалы құрамымен жүк тасу көрсеткіштері бойынша темір жол операторлары нарығының көшбасшылары қатарына еніп, ТМД елдерінің көлік нарығында жетекші тұғырға шықты.

Алға қойған міндеттерді сәтті орындауда бас компания қашан да көмек-қолдау көрсетіп келеді. Бұл тұрғыда, сонымен қатар жүк вагондарымен жұмыс істеу, өндіріс қуатын арттыру, жаңа жүк вагондарын сатып ала отырып, вагон паркін жаңарту (соңғы екі жылда тек отандық жылжымалы құрам сатып алынуда) сынды компания кезең-кезеңімен жүзеге асырып отырған саясат та өз жемісін беруде.

Сол сияқты, корпоративтік басқаруды жетілдіріп, жаңа да тиімді технологиялар мен инновацияларды енгізу, компания қызметкерлерін оқыту, дамыту және біліктілігін арттыру тұрғысында да байыпты жұмыс жүргізілуде. Әлбетте, осының бәрі «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының өзінің он жылдық мерейтойында жүк тасымалы нарығының толыққанды ойыншысы ретінде қатысып отырғанының белгісі болса керек. Компания алдағы уақытта да әрі қарай дамып, жетіліп, еліміздің көлік саласы мен нарық ішіндегі өзекті мәселелерді шешіп, игеруге қабілетті, іргелі кәсіпорын ретінде өз қызметін жалғастыра бермек.

01 ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ КӨЛІК СЕКТОРЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ

2013
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ КӨЛІК СЕКТОРЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

ҚАНДАЙ ДА БІР МЕМЛЕКЕТ ҮШІН, ӘСІРЕСЕ, ҚАЗАҚСТАН СЫНДЫ КЕҢ АУМАҚТЫ ЕЛ ҮШІН КӨЛІК ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ (ТЕҢІЗГЕ ШЫҒАР ТІКЕ ЖОЛДЫҢ БОЛМАУЫ, КЕМЕ ЖҮРЕТІН ӨЗЕНДЕРДІҢ ЖОҚТЫҒЫ), ҰЛАНҒАЙЫР ЖЕР АУМАҒЫ, ШИКІЗАТҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ӨНДІРІС ПЕН ӨНДІРІСТІК КҮШТІҢ ОРНАЛАСУ ҚҰРЫЛЫМЫ ОТАНДЫҚ ТЕМІР ЖОЛ САЛАСЫНЫҢ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ОРНЫҚТЫ РӨЛІН СӨЗСІЗ АЙҚЫНДАЙ ТҮСЕДІ.

2013 жылы «Қазтеміртранс» АҚ тасымалдап өткізген жүк ауқымы

91 МЛН ТОННАДАН АСТАМ:

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ІШКІ ҚАТЫНАСТАР БОЙЫНША	ЭКСПОРТ ҚАТЫНАСЫ БОЙЫНША	ИМПОРТ ҚАТЫНАСЫ БОЙЫНША	ТРАНЗИТТІК ҚАТЫНАСТАР БОЙЫНША
73 063 656,30 ТОННА	15 878 677,30 ТОННА	1 355230,60 ТОННА	748 742,50 ТОННА

Қазақстан Республикасының көлік саласындағы басты тұғыр, әрине, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының еншісінде. Бүгінде бұл компания ел экономикасының негізгі қозғаушы күшінің бірі болып табылады.

Компания отандық экономикаға, ел халқына, ең алдымен, тасымалдау қызметін көрсетумен қатар, өзге де бірқатар инфрақұрылымдық ірі жобаларды жүзеге асыруда. Айталық, темір жол саласына арналған отандық машина жасау өндірісінің өнімін игеруде. Сондай-ақ, көлік-логистикалық жүйесінің қалыптасуына тікелей ат салысып, құзырлық жаңа қызметтерді дамытуға, қызмет сапасы мен тиімділігін арттыруға барынша көңіл бөлуде.

Айта кету керек, 2013 жылы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының жүк айналымы 231,2 млрд тонно-км нетто көрсеткішін құрады (бұл жоспардағы көрсеткішке шаққанда 100,1% деген сөз). Жолаушы айналымы көрсеткіші – қашықтығына 16,9 млрд жолаушы шамасында (жоспарға шаққанда 100,3% көрсеткіш).

ҚТЖ 2013 жылы 135 локомотив, 3154 жүк вагонын, 288 жолаушы вагонын сатып алып, жаңартып-жаңғыртты. 631 км қашықтықтағы магистралды жол аумағы күрделі жөндеуден өткізіліп, Жезқазған-Бейнеу және Арқалық-Шұбаркөл темір жол желілері құрылысы бойының жоғары жағында түгелдей рельс төсеу аяқталды.

2013 жылы тасымалдық көлік түрін шығару 200 млрд теңгенің үстіне шықты. Бұл, айталық, 2008 жылмен салыстырғанда 20 есе жоғары деген сөз.

Мемлекет басшысының «Қазақстан Жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында мәлім етілген тапсырмасына сай, ҚТЖ алдағы жылы Жезқазған-Бейнеу және Арқалық-Шұбаркөл жаңа темір жол желісінің алғашқы кешенін іске қосуды жоспарлап отыр. Сол сияқты, Ақтау теңіз айлағын кеңейту жобасын аяқтау да келесі жылдың еншісінде. Алдағы жылы, сондай-ақ Ақтөбе қаласында рельс арқалығы зауыты, ал Астана қаласында «GEVO» дизельді қозғалтқышын өндіру зауыты іске қосылмақ.

Алдағы екі жылдың ішінде Қазақстанда көлік-логистикалық орталықтары жүйесі қалыптасып, толыққанды жұмыс істей бастайды. Бұл тұрғыда «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамына («Қазақстан темір жолы» ҰК» акционерлік компаниясының 100% еншілес компаниясы) мол жауапкершілік артылуда. Қазақстан Республикасы жүк вагоны паркінің ең ірі операторы болып табылатын «Қазтеміртранс» АҚ, республика аумағында темір жол арқылы жүк тасымалдау қызметінің 60%-ын жүзеге асырып отыр.

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамына тиесілі вагон паркінің құрамы 65 мың бірлік көлік техникасымен жасақталған. Оның ішінде жабық вагондар, платформалар, жартылай вагондар, шандар, астық тасымалдаушы және цемент тасымалдаушы вагондар мен фитинг платформалар бар. Компания өз қызметінде жүк вагондарының жұмысын үйлестіріп, әрекет етумен қатар, экспедиторлық тасымал қызметін, жүк вагондарын жалға беру, жүк вагондарын өндіру және жоспарлы жөндеуден өткізу, металл сынықтарын сақтау, өңдеу және үлестіру сынды бағыттарды да қамтыған.

«Қазтеміртранс» АҚ вагондарымен тасымалданатын жүк ауқымының басым бөлігі бұқаралық қолданысқа қажет үйме салмақтағы және құйылмалы жүк түрлері, мысалға, көмір, бидай, мұнай және мұнай өнімдері, кен қазбалары мен минералды тыңайтқыштар.

Компанияның филиалдық жүйесі Қазақстанның барлық ірі қалаларында жұмыс істейді. Ал ТМД, Балтық елдері, Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия, Таяу Шығыс елдерінде ашылған компанияның агент-операторлары вагондарды бұл аумақтардан іркіліссіз өткізуге жағдай жасауда. Компанияның алдағы жоспарларында ынтымақтастық аумағын кеңейтіп, жүк тасымалдау ауқымын арттырумен қатар, біртіндеп жүк тасымалдаушы жылжымалы құрам паркін жаңарту, инновациялық технологияларды ендіру мәселелері де кеңінен ескерілген. Бұл шаралар жүк жөнелтуші ірі компаниялар мен шағын және орта бизнес өкілдеріне көрсетілетін қызмет сапасын барынша арттыруға бағытталған.

Темір жол саласындағы еңбек өндірісі бір адамға шаққанда

5,85 МЛН ТЕНГЕ

2013 жылы Қытаймен арадағы шекара арқылы өткізілген жүк ауқымы

19,4 МЛН ТОННА

(2012 жылмен салыстырғанда 17 жоғары көрсеткіш)

02 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ

2013
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ

Компанияның миссиясы

Темір жол көлігімен жүк тасымалдау нарығының сұранысын сапалы түрде қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасының көлік секторының тұрақты дамуына ықпал ету

	Толық атауы	Қысқаша
Мемлекеттік тілде	«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы	«ҚТТ» АҚ
Орыс тілінде	Акционерное общество «Казтеміртранс»	АО «ҚТТ»
Ағылшын тілінде	Joint Stock Company «Kaztemirtrans»	JSC «KTT»





КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Орналасқан жері және мекен-жайы:

010000
Қазақстан Республикасы
Астана қаласы, Қонаев көшесі, 10,
«Изумрудный квартал» әкімшілік ғимараты

МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕЛУІ:
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылдың 21 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі – №14750-1901-АҚ

Жарғылық капитал – 63 000 000 000 теңге

Сертификаттары:

- ISO 9001:2008 сериясындағы менеджмент жүйесінің сапа стандарты
- ISO 14001:2004 сериясындағы экологиялық менеджмент жүйесінің стандарты
- OHSAS 18001:2007 сериясындағы кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджменті жүйесінің стандарты

Кредиттік рейтингтер

Халықаралық «Standard & Poor's» рейтингтік агенттігі берген:
халықаралық шкала бойынша – «BBB-»
ұлттық шкала бойынша «kzAA»
болжам – «тұрақты»

Халықаралық «Moody's Investors Services» рейтингтік агенттігі берген:
халықаралық шкала бойынша – «Ba1»
болжам – «жағымды»

КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

2003 жыл

Қазақстан Республикасының темір жол саласын реформалау нәтижесінде «Қазжелдортранс» акционерлік қоғамы құрылды («Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның 100 еншілес компаниясы).

2004 жыл

Республика аймақтарында филиалдардың ашылуы: Компанияның филиалдық желісі бас компания – ҚТЖ-ның филиалдық бөлімшелері ашылған өңірлерде орналасқан.

2005 жыл

Экспедиторлық тасымал қызметін көрсететін «Көліктік қызмет көрсету орталығы» АҚ еншілес компаниясы құрылды.

2005 жыл

Ресей Федерациясында Компания өкілдігі ашылды (Мәскеу қаласында).

2006 жыл

Компания халықаралық стандарттарға сай ISO 9001:2000 сериясындағы Менеджмент жүйесінің сапасы бойынша сертификаттаудан өтті.

2006 жыл

Үрімші (ҚХР) қаласында өкілдік ашылды.

2007 жыл

Компанияның «Қазжелдортранс» АҚ атауы «Қазтеміртранс» АҚ деп өзгертілді.

2007 жыл

Компания халықаралық стандарттарға сай ISO 14001 сериясындағы Экологиялық менеджмент жүйесінің және OHSAS 18001 сериясындағы Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджменті жүйесінің стандарттарына қол жеткізді.

2008 жыл

«Қазтеміртранс» АҚ Қазақстан Республикасының көлік секторындағы негізгі ойыншылармен өзара ынтымақтастық жөнінде 50-ден астам меморандумға қол қойды.

2009 жыл

«Қазтеміртранс» АҚ мен «ЗИКСТО» АҚ арасында Қазақстанда жасалған алғашқы 167 жартылай вагонды жеткізу жөніндегі келісімге қол қойылды.

2009 жыл

Компанияның аймақтық филиалдарына халықаралық стандарттарға сай ISO 9000 Менеджмент жүйесінің сапасы бойынша, ISO 14001 Экологиялық менеджмент жүйесінің және OHSAS 18001 Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджменті жүйесінің стандарттарына сәйкестік жөнінде сертификаттар тапсырылды.

2010 жыл

Еуропалық қайта құру және дамыту банкімен арада 250 млн АҚШ доллары тұрғысында кредиттік келісімге қол қойылды. Бұл қаражат Компанияның вагон паркін жаңарту мақсатында тартылды.

2010 жыл

MPLS және IP-телефония технологияларын қолдана отырып, мәлімет жеткізудің корпоративтік желілері кеңейтіле бастады.

2011 жыл

«Kazakhstan Temir Zholy Finance BV» («Қазтеміртранс» АҚ еншілес компаниясы) 450 млн АҚШ доллары сомасындағы еурооблигациялар бойынша қарызын қайтарды.

2011 жыл

Компанияның вагон паркін басқарудың автоматтандырылған желісі жөніндегі жоба ендірілді (ҚТТ АБЖ).

2011 жыл

«Қазтеміртранс» АҚ және «Русагротранс» ЖАҚ арасында бидай тасымалдау жөнінде бірлескен кәсіпорын құру туралы келісімге қол қойылды.

2012 жыл

ҚТЖ-ның инвентарлық вагон паркі «Қазтеміртранс» АҚ басқаруына меншіктік парк құқы негізінде өткізілді.

2012 жыл

«KTZ Finance B.V.» 800 млн АҚШ долларының облигацияларын шығарды. Одан түскен қаражат Компанияның жылжымалы құрамын жаңарту жөніндегі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға бағытталды.

2013 жыл

«Қазтеміртранс» АҚ Қазақстан мен Түркия арасында тікелей темір жол тасымалы қатынасын ашты.

2013 жыл

Компания көлік нарығындағы негізгі ойыншылар болып табылатын жүк жөнелтуші және келісім жасаумен сондай-ақ, ынтымақтастықты күшейтумен айналысатын экспедиторлық компаниялармен арада белсенді жұмыс жүргізе бастады.

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ





Негізгі қызмет түрлері:

- Жүк вагондарының жұмысын үйлестіру.
- Экспедиторлық тасымал қызметін көрсету.
- Жүк вагондарын жалға беру.
- Жүк вагондарын жоспарлы жөндеуден өткізу.
- Металл сынықтарын жинау (әзірлеу), сақтау, өңдеу және үлестіру.

Бізге тән артықшылықтар:

- Қазақстан Республикасындағы өз жүк вагондарының ірі меншік иесі (65000 бірлік бар: жабық вагондар, платформалар, жартылай вагондар, цистерналар, астық тасымалдаушы, цемент тасмалдаушы вагондар);
- ішкі республикалық темір жол тасымалының жалпы ауқымының 60%-ын қамтыған;
- ТМД, Балтық елдері, Еуропа, Оңтүстік Шығыс Азия, Таяу Шығыс елдері аумағында вагондар жұмысын үйлестіріп отырған агент-операторларымыз бар;
- цистерналардың жұмысын ұйымдастырып, үйлестіру қызметін атқаратын «ККО» АҚ еншілес компаниясы жұмыс істейді;
- «Астық Транс» АҚ бірлескен кәсіпорны астық тасушы вагондардың жұмысын үйлестіру қызметін орындайды;
- жүк вагондарын шығаратын «Қазақстанның вагон жасау компаниясы» еншілес компаниясы бар.

Мүмкіндігі мол даму бағыттары:

- Жүк вагондарымен жұмыс істеу қызметін кеңейтіп-арттыру.
- Жүк тасушы жылжымалы құрам паркін жаңарту.
- Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру.
- Әлемдік стандарт үлгілері мен қызмет сапаларына сай болу.

КОМПАНИЯНЫ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ» АҚ

Ұзақ мерзімге негізделген құндылықтарды ұлғайтып, бәсекелестік қабілетті арттыру үшін Ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың пакеттерін басқару

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

Қазақстандық темір жол әкімшілігі
Тораптарлған темір жол желісінің операторы
Темір жол көлігімен жүк тасымалдаушы

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ

«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ 100% еншілес компаниясы
Жүк вагондарының өз меншік паркінің операторы

- Еншілес және тәуелді ұйымдар
- Өкілдіктер
- 12 өңірлік филиал*
- Арнайы маманданған филиалдар

* «Қазтемірт[illegible] АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (Хаттама №8, 2013 ж. 01.07) «Қазтемірранс» АҚ-ның Жамб[illegible] бөлімшелері таратылды.

ЕНШІЛЕС, ТӘУЕЛДІ КОМПАНИЯЛАР МЕН ӨКІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ФИЛИАЛДАР



ОРТАЛЫҚ КЕҢСЕ

ВАГОН ЖӨНДЕУ ДЕПОСЫ

АЙМАҚТЫҚ ФИЛИАЛ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ВАГОН ЖАСАУ КОМПАНИЯСЫ

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ФИЛИАЛ

КОМПАНИЯНЫҢ АЙМАҚТЫҚ ФИЛИАЛДАРЫ ӨНДІРІСТІК-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚҰРЫЛҒАН.
ФИЛИАЛДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР «ҚТЖ» ҰК» АҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ АШЫЛҒАН ӨҢІРЛЕРДЕ ОРНАЛАСҚАН.

Ұйым атауы	Қызмет түрі
«Көліктік қызмет көрсету орталығы» АҚ	• республикалық және халықаралық қатынастардағы экспедиторлық тасымал қызметі; • өз меншігіндегі және сырттан тартылған вагон паркімен жұмыс істеу; • «есіктен есікке дейін» үлгісі бойынша экспедиторлық қызмет көрсету; • аралас тасымалдарды ұйымдастыру; • тура мөлшерлемелер ұсыну; • жүк вагондары қозғалысына жедел байқау орнату.
Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V	• Компаниядағы топтарды қаржыландыру және де осы мақсатта облигациялар шығару, банктік қаржыландыру немесе басқа да жолдар негізінде қарыз алу; • Компаниядағы топтардың міндеттері бойынша міндеттемелер қабылдау.
«Қазақстанның вагон жасау компаниясы» ЖШС	• Қазақстан Республикасында жүк вагондарын шығаруды ұйымдастыру.
«Қазықұрт — Оңтүстік» ЖШС «Ертіс сервис» ЖШС	• Қазақстанның оңтүстік өңірі мен ТМД елдеріндегі вагон-цистерналар меншік иелері үшін цистерналарға мұнай өнімдерін құю алдындағы әзірлік жұмыстарын орындайтын жуып-шайып, буландыру станциясы.
Қытай Халық Республикасындағы өкілдік, Үрімші қаласында орналасқан, Ресей Федерациясында – Мәскеу қаласында	• тауар нарықтарын зерттеу; • аймақтағы көлік қызметі нарығына маркетингтік зерттеу жүргізу; • серіктестер іздеп тауып, кәсіпорындармен, жүк жөнелтушілермен және жүк алушылармен келіссөздер жүргізу; • ҚХР және Ресей аумағында «Қазтеміртранс» АҚ мүддесін ұсынып, ұстану.
«Вагонның операторының қызмет көрсету орталығы» (мамандандырылған филиал)	• өз меншігіндегі жылжымалы құрамның жұмысын ұйымдастырып, үйлестіру қызметін ұсыну; • жүктерді экспедиторлау және жүк вагондарын жалға беру; • жүк вагондарының жұмысын ұйымдастыруда тасымал бағыттары мен маршруттарын таңдау; • вагон операторлары қызметін көрсету бойынша тарифтерді есептеп, келісімдер жасасу; • жүк жөнелтушілердің сұранымына және күнтізбедегі жоспарларға сай тиеуге жарамды жылжымалы құрам ұсынуды қадағалап, бақылауға алу.
Вагон паркі орталығы (мамандандырылған филиал)	• «Қазтеміртранс» АҚ жүк вагондарының бухгалтерлік және салықтық есебін жүзеге асыру; • орындалған жөндеу жұмыстарының қаржы құжаттарын тексеру, яғни олардың нормативтік-техникалық құжат талаптарына сай келуін; • жүк вагондарын жөндеуден өткізу барысында қосымша бөлшектерді, саймандарды, құралдарды ауыстыруды бақылап, есепке алу; • вагондарды бөлшектеу барысында пайда болған металл сынықтарын өткізуден түскен табысты есепке алу; • парктен шығарып тасталған вагондарды есепке алу; • «ҚТЖ» ҰК» АҚ бөлімшелері ұсынатын құжаттарды қабылдап, тексеру, яғни эксплуатациялық вагон деполарын – жөндеу ұйымдары жүргізген жөндеуден кейін кепілдендірілген қызмет мерзімін еңсере алмаған вагондарды ағытып ағымдағы жөндеуден (ААЖ) өткізу мәселесі бойынша.

03 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ

2013
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

КОМПАНИЯДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Негізгі мүдделі тұлғалардың арасындағы (акционерлер, менеджерлер, кредиторлар, қызметкерлер, жеткізушілер, сатып алушылар және мемлекет) қарым-қатынас жүйесі ретінде қалыптасқан компаниялардағы Корпоративтік басқару ең басты үш мәселенің шешімін табуға бағытталған:

- барынша мол тиімділікті қамтамасыз ету;
- сыртқы қаржы ресурстарын тарту;
- заңдық және әлеуметтік міндеттемелерді орындау.

Корпоративтік басқару қағидаларын ендіруге бағытталған маңызды шаралардың арасында «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің шешімімен (2009 жылдың 24 қарашасы, №7 хаттама) «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексі және Кодексті ендіру жоспары бекітілгенін айтуға болады. Бұл жоспар да Директорлар кеңесі тарапынан бекітілген (2010 жылдың 11 мамыры, №6 хаттама).

Корпоративтік басқару Кодексін ендіру жоспарына сәйкес Директорлар кеңесі корпоративтік басқару жөніндегі ішкі құжаттарды да бекітіп берді. Бұл құжаттар төмендегідей:

- Іскерлік этика кодексі,
- Корпоративтік жанжалдарды реттеу саясаты,
- Корпоративтік маңызды оқиғалар саласындағы саясат,
- Ақпараттық саясат,
- Ақпараттарды қорғау тәртібі,
- Компанияның еншілес ұйымдарына қатысты дивиденд саясаты,
- Корпоративтік хатшы туралы ереже;
- Тәуекелдерді басқару саясаты;
- Есеп саясаты;
- Басқарма туралы ереже және т.б.

Іскерлік этика кодексі Қазақстан Республикасының заңнамалық нормаларын негізге алып және этикалық нормаларға сүйене отырып, Компанияны дамытуға және мүдделі тұлғалармен өзара тиімді байланыс орнатуға арналған басқару құралы болып табылады. Компанияның Іскерлік этика кодексі Директорлар кеңесінің 2010 жылдың 07 шілдесіндегі шешімімен (№9 хаттама) бекітілген. Корпоративтік жанжалдарды реттеу саясаты Компания органдары мен оның Бірден-бір акционері арасындағы корпоративтік жанжалдарды реттеу тәртібі мен процедураларын белгілеп-реттейді.

Корпоративтік маңызды оқиғалар саласындағы саясат «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының Жарғысы мен Корпоративтік басқару кодексіне сай әзірленген. Басқарма Бірден-бір акционерге орын алған не ұйғарылған корпоративтік маңызды оқиғалар жөнінде толық ақпарат әзірлеп ұсынумен қатар, корпоративтік маңызды оқиғалардың дұрыс орындалу тәртібі және орындалу мерзімі үшін, сондай-ақ осы оқиғаларға қызығушылық танытқан мүдделі тұлғаларды түгелдей құлаққағыс ету үшін де жауапты.

Ақпараттық саясат Компанияның Бірден-бір акционерінің және өзге де мүдделі тұлғалардың Компания жөнінде, оның қызметі туралы шынайы ақпаратқа деген мұқтаждығын толыққанды қанағат етіп, қажет ақпаратқа еркін де оңай қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған.

2012 жылдың екінші жарты жылдығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Ішкі қызмет аудиті тарапынан «Қазтеміртранс» АҚ корпоративтік басқаруына диагностикалық тексеру жүргізілген болатын. Бұл шара – корпоративтік басқару үдерісін сақтап, жетілдіруді және бағалауды мақсат етті.

Диагностикалық тексеру «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ компаниялар тобындағы корпоративтік басқару диагностикасына сәйкес жүргізілді.

Аталған тексеріс қорытындысы бойынша, орын алған кемшіліктерді жойып, Компанияның корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру тұрғысында ҚТЖ Ішкі аудит қызметі тарапынан бірқатар ұсыныстар мен кеңестер берілді. Осынау ұсыныс-кеңестерді орындау мақсатында «ҚТТ» АҚ Директорлар кеңесі Компанияның 2013 жылға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарын бекіткен болатын (2013 жылдың 29 қаңтары, №2 хаттама).

Сонымен қатар, Еуропалық даму және қайта құру банкімен арадағы 2010 жылдың 1 желтоқсанындағы Қарыз келісімі аясында, ЕДҚБ ұсынған Грант бойынша «Қазтеміртранс» АҚ-ның Корпоративтік басқару бағдарламасын орындау үшін Компания Egis International кеңесшісімен консультациялық қызмет көрсету жөнінде келісімге отырды.

Аталған жобалық тапсырманың мақсаты компанияның институционалдық әлеуетін нығайтып, оны рационалды басқару қағидаттарына сүйенген және коммерцияға бағытталған тәуелсіз жүк операторы ретінде өзгертіп, қайта құруға ықпал ету болып табылады.

Тапсырма аясында төмендегідей шаралар жоспарланған:

- корпоративтік басқару тәжірибесін белгілеп, Корпоративтік басқару кодексі мен әлемдік ең озық тәжірибелерді негізге ала отырып, тиісті құрамды Директорлар кеңесіне және Кеңес комитеттеріне ұсыну;
- компанияның тәуелсіз негізде жұмыс істей алатын тәуелсіз субъект ретінде өзгеріп, қайта құрылуына жәрдемдесу;
- бес жылдық бизнес-жоспар әзірлеп, ұзақ мерзімге негізделген бизнес-жоспарлау жүйелерін белгілеу;
- тәуелсіз жүк операторы ретінде қалыптасқанда компанияның негізгі активтері өзгеріске ұшырайтынын назарға ала отырып, компания үшін жекешелендіру жоспарын әзірлеу;
- компания үшін тиісті хеджирлеу саясатын әзірлеу.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІ «ҚТЖ» ҰК» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫНДА ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАРҒА САЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ. ӨЗ КЕЗЕГІНДЕ БҰЛ ҰСЫНЫСТАР ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗІП ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН COSO «ТӘУЕКЕЛДЕРДІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ – «ШОҒЫРЛАНҒАН МОДЕЛІ» (2004) ҮЛГІСІНЕ САЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ТИІС.

Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесін жетілдіру жұмыстары аясында Компанияның Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 1 қазанындағы шешімімен (№16 хаттама) Тәуекелдер реестрі, Тәуекелдер картасы, Тәуекелдерге деген бейім деңгейі және де Негізгі тәуекелдік көрсеткіштер мен тәуекелдерге деген төзімділік деңгейлері белгіленді. Бұл көрсеткіштерде Компанияның барлық негізгі тәуекелдері анықталып, көрсетілген.

Компания Басқармасында Тәуекелдер жөніндегі комитет жұмыс істейді. Тәуекелдер жөніндегі комитет Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру үдерісін реттеп отыратын алқалық орган болып табылады. Тәуекелдер жөніндегі Комитеттің негізгі міндеттері мен функцияларының бірі – тәуекелдерді басқару саласына қатысты шешім қабылдап, мониторинг қорытындылары мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігін талдау, сарапқа салу барысында, сондай-ақ бұл жүйені жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу тұрғысында Басқармаға жәрдемдесіп, қолғабыс ету.

2013 жылы Тәуекелдер жөніндегі комитет, Компания Басқармасы және Директорлар кеңесі тарапынан Компанияның 2013 жылғы Негізгі тәуекелдерін басқару жөніндегі есебі мақұлданып, бекітілді (2013 жылдың 12 тамызы, №9 хаттама).

Компания «Қаржы құралдары, мақсаттар және қаржылық тәуекелдерді басқару саясаты» ескертпесін тиісті жылға қатысты аудирленген шоғырландырылған қаржы есебі форматында ашып көрсетеді.

ЖҮРГІЗІЛГЕН ДИАГНОСТИКА ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША, КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТАЛАПТАРЫНЫҢ ЕҢ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ ДЕҢГЕЙІНЕ СӘЙКЕСТІК КӨРСЕТКІШІ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ:

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ
54,9%

«ҚҰРЫЛЫМ» ҚҰРАМДАСЫ
70,8%

«ҮДЕРІСТЕР» ҚҰРАМДАСЫ
56,0%

«АШЫҚТЫҚ» ҚҰРАМДАСЫ
41,9%

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫН, БАСЫМДЫ ДАМУ БАҒЫТТАРЫН, ҰЗАҚ МЕРЗІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ҚИМЫЛ-ӘРЕКЕТТЕРДІҢ КЕЛЕШЕК БАҒЫТ-БАҒДАРЫН АНЫҚТАП, АЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУҒА ҚАЖЕТ ТИІСТІ ҚАРЖЫ ЖӘНЕ АДАМИ РЕСУРСТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП ОТЫРАТЫН БАСҚАРУ ОРГАНЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Директорлар кеңесі даму жоспарлары мен бюджеттерді бекітіп, парасаттылық, тиімділік, адалдық, әділдік, жауапкершілік және дәлдік сынды қағидаттар негізінде әрекет етеді.

Директорлар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар жөніндегі» Заңын, Компания Жарғысын, Корпоративтік басқару кодексін және Компанияның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Директорлар кеңесіне 5 (бес) адам мүше, олардың екеуі тәуелсіз директорлар.

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ 2013 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН 2013 ЖЫЛДЫҢ 24 СӘУІРІ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ

Аты-жөні	Қызметі
Қизатов Ермек Әнуарбекұлы	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Вице-президенті, Директорлар кеңесінің Төрағасы, техника ғылымдарының докторы
Орынбасаров Бауыржан Пазылбекұлы	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Эксплуатациялық жұмыс жөніндегі Басқарушы директоры
Огай Евгений Павлович	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Активтерді басқару департаментінің Бас менеджері
Смаилов Ерлан Байкенұлы	Тәуелсіз директор
Мұхамеджанов Елтай Нұрболатұлы	Тәуелсіз директор

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ 2013 ЖЫЛДЫҢ 24 СӘУІРІНЕН 2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ

Аты-жөні	Қызметі
Алпысбаев Қанат Қалиұлы	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Логистика жөніндегі вице-президенті, Директорлар кеңесінің Төрағасы
Орынбасаров Бауыржан Пазылбекұлы	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Эксплуатациялық жұмыс жөніндегі Басқарушы директоры
Огай Евгений Павлович	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Активтерді басқару департаментінің Бас менеджері
Смаилов Ерлан Байкенұлы	Тәуелсіз директор
Мұхамеджанов Елтай Нұрболатұлы	Тәуелсіз директор

2013 жылы Директорлар кеңесінің 14 отырысы өткізіліп, онда тек қана Директорлар кеңесі құзырына қатысты 97 мәселе бойынша шешім қабылданды. Отырыстар Директорлар кеңесінің 2013 жылдың 10 желтоқсанындағы шешімімен белгіленген (№18 хаттама) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарына сай өткізілді.

2013 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарында мерзімдік негізде, жүк вагондарын сатып алу жөнінде келісімдер жасалып, қызметкерлердің жалпы саны мен орталық аппарат құрылымын белгілеуге, Басқарма құрамының өзгеруіне, бюджетті түзетуге, даму жоспарын белгілеуге және басқа да ішкі құжаттарға қатысты Компанияның міндеттерін меншік капиталының шамасы 10 (он) және одан да астам пайыз мөлшерін құрайтын өлшемге ұлғайту мәселелері қарастырылды.

Сол сияқты, Бірден-бір акционердің тапсырмаларын орындау жөнінде Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуымен жұмыс отырыстары өткізілді. Компанияның Директорлар кеңесінде Тағайындаулар жөніндегі комитет және Сыйақылар жөніндегі комитет жұмыс істейді. Бұл Комитеттер әзірлеген барлық пікір ұйғарымдары Директорлар кеңесінің қарауына берілген ұсыныс болып табылады.

2013 жылы Тағайындаулар жөніндегі комитет өз жұмыс жоспарына сай 2 отырыс өткізді, Сыйақы жөніндегі комитет 3 отырыс өткізді. Тағайындаулар комитеті Директорлар кеңесінің құрамына, Басқармаға және тағайындалуы немесе тағайындау жөніндегі ұйғарымы Директорлар кеңесі тарапынан жүзеге асырылатын Компания ішіндегі өзге де лауазымды қызметтерге жоғары білікті мамандар тарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылған.

2013 жылы Директорлар кеңесінің 14 отырысы өткізіліп, онда тек қана Директорлар кеңесі құзырына қатысты 97 мәселе бойынша шешім қабылданды

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2013 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН 2013 ЖЫЛДЫҢ 24 СӘУІРІНЕ ДЕЙІНГІ АРАЛЫҚТАҒЫ ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІ

Аты-жөні	Қызметі
Смаилов Ерлан Байкенұлы	Комитет төрағасы (Тәуелсіз директор)
Қизатов Ермек Әнуарбекұлы	Комитет мүшесі (Директорлар кеңесінің Төрағасы)
Мұхамеджанов Елтай Нұрболатұлы	Комитет мүшесі (Тәуелсіз директор)

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2013 ЖЫЛДЫҢ 24 СӘУІРІНЕН 2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНА ДЕЙІНГІ АРАЛЫҚТАҒЫ ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІ

Аты-жөні	Қызметі
Смаилов Ерлан Байкенұлы	Комитет төрағасы (Тәуелсіз директор)
Огай Евгений Павлович	Комитет мүшесі (Директорлар кеңесінің мүшесі)
Мұхамеджанов Елтай Нұрболатұлы	Комитет мүшесі (Тәуелсіз директор)

Сыйақылар жөніндегі комитет Директорларға, Басқарма мүшелеріне және тағайындалуы немесе тағайындау жөніндегі ұйғарымы Директорлар кеңесі тарапынан жүзеге асырылатын Компанияның өзге де қызметкерлеріне сыйақы беру жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2013 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН 2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІ

Аты-жөні	Қызметі
Мұхамеджанов Елтай Нұрболатұлы	Комитет төрағасы (Тәуелсіз директор)
Орынбасаров Бауыржан Пазылбекұлы	Комитет мүшесі (Директорлар кеңесінің мүшесі)
Смаилов Ерлан Байкенұлы	Комитет мүшесі (Тәуелсіз директор)

Компанияның Тәуелсіз директорлары – Смаилов Ерлан Байкенұлы және Мұхамеджанов Елтай Нұрболатұлы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар жөніндегі» Заңында көрсетілген тәуелсіз тұлға өлшемдеріне толық сай келеді, сондай-ақ олардың басқару тәжірибесі мол және де олар кеңауқымды мәселелер бойынша шешім қабылдауында қаржыландыру, заң және корпоративтік басқару тұрғысында да толыққанды кеңес береді.

Компанияның тәуелсіз директорлары, Директорлар кеңесі Компанияның жылдық есебін алдын ала бекіткен соң бір айдың ішінде күнтізбедегі тиісті жыл орамында орындаған жұмыс мерзіміне сай жылына бір рет ақшалай түрде сыйақы алады.

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ БАСҚАРМАСЫ,
31.12.2013

ӘЛМАҒАМБЕТОВ
Қанат Есмұқанұлы
Басқарма Төрағасы

НЫҒЫМЕТОВ
Қайраткен Сағатұлы
Вице-президент

ОМАРБЕКОВА
Шолпан Сапарғалиқызы
Экономика және қаржы жөніндегі вице-президент

ЖАКИШЕВ
Ержан Темірғалиұлы
Операциялау және логистика жөніндегі вице-президент

СОЛТАНБАЕВ
Дастан Хасенұлы
Персонал бойынша және заң мәселелері жөніндегі вице-президент

ҚАСЕНОВ
Гайдар Қабдуллаұлы
Корпоративтік дамыту жөніндегі вице-президент

АХМЕТОВ
Нұрлан Қасенұлы
Атқарушы директор

АЙТЖАНОВ
Аманбай Мұталұлы
Бас инженер

ӨЗЕНБАЕВ
Мейрамалы Нүскенұлы
Бас бухгалтер

АБЫЛАЕВ
Ержан Есенбекұлы
Заң департаментінің директоры

ҚУАТОВ
Тимур Николаевич
Өндірісті қамтамасыз ету департаментінің директоры

04 НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ

2013 ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

ЖҮК ВАГОНЫ ПАРКІНІҢ ТАСЫМАЛДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ЖҮК ВАГОНЫ ПАРКІМЕН ТАСЫМАЛДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

тәул.мың вагон



ӨЗГЕ ҰЙЫМДАРҒА ЖАЛҒА ВАГОН БЕРУ

тәул.мың вагон



ҚОЛ АСТЫНДАҒЫ ПАРККЕ ТИЕУ

мың тн.



ТИЕЛІП, ЖӨНЕЛТІЛГЕН ВАГОНДАР САНЫ

вагон



ВАГОН ПАРКІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДА ДҰРЫС ЖҰМЫС ІСТЕУІ

«Қазтеміртранс» АҚ 2010 жылдың 1 наурызынан бастап вагон паркінің жұмысын үйлестіріп, реттеу жөніндегі операторлық қызметін бастады.

2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылы вагон паркін басқарудан түскен табыс ауқымы 802%-ға ұлғайды. Көрсеткіштердің бұлайша өсуінің басты себебі – Компанияның операторлық қызметін кеңейту мақсатында жүк вагондарын ҚТТ-ның өз меншік компаниясына ауыстыру болып табылды.

Сондай-ақ, «ҚТТ» АҚ қызметіндегі басты міндеттің бірі – теміржолдық жылжымалы жүк құрамын жалға беру.

Компания жыл сайын жүк вагондарын жөндеу жоспарын белгілейді. Жоспарлық жөндеу жұмыстары вагондарды жөндеу жөніндегі келісімдер бойынша сырттан шақырылатын жөндеу кәсіпорындары тарапынан және де Компанияның вагон жөндеуші деполары (ВЖД) бөлімшелері тарапынан жүзеге асырылады.

ЖҮК ВАГОНЫ ПАРКІН ЖАҢАРТУ

Вагон паркін жаңарту мақсатында Компанияның 2020 жылға дейінгі капиталдық салым жоспары бойынша 31 мыңнан астам вагон сатып алу жоспарланған

15 249 ЖАРТЫЛАЙ ВАГОН

5 160 ЖАБЫҚ ВАГОН

1 300 ПЛАТФОРМА

4 233 ЦИСТЕРНА

5 325 ӨЗГЕ ДЕ ТЕХНИКА ТҮРІ

2013 ЖЫЛЫ САТЫП АЛЫНҒАН ЖҮК ВАГОНДАРЫНЫҢ САНЫ 1 704

ВАГОН ПАРКІН ЖАҢАРТУ БАҒДАРЛАМАСЫ



ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ДАМЫТУ

КОМПАНИЯ 2009–2013 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕП, БҰЛ БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА ЖҮК ВАГОНДАРЫН, ОЛАРДЫҢ ТЕТІКТЕРІ МЕН САЙМАНДАРЫН ЖАҢАРТЫП, ЖӨНДЕУДІҢ РЕСУРС ҮНЕМДЕУШІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ІЗДЕП ТАУЫП, МАҚСАТТЫ ТҮРДЕ ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ ҮДЕРІСТЕРІН АВТОМАТТАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА.

2010 жылдан 2020 жылға дейінгі аралықтағы жоспарлы жөндеу және қызмет мерзімін ұзартуға негізделген күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында жүк вагондарын жаңартудың болжанған экономикалық тиімділігі есептеліп, белгіленді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылдың 25 желтоқсанындағы 2013-2018 жылдарға арналған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Компаниялар тобын инновациялық-технологиялық дамыту стратегиясы бойынша Компания инновациялық даму жөніндегі бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге кірісті.

Вагондар торабының атауы	Техникалық тиімділік	Экономикалық тиімділік (шамамен 2020 ж.)
Жүк вагондарының арбасын төзімділігі жоғары бөлшектермен жаңғырту	Жөндеуаралық қашықтық көрсеткішін 6,25 есеге, яғни 1 млн км-ге дейін ұлғайту. Арбасының істен шығуы себепті ААЖ б/ша ағытылған жүк вагондарының санын қысқарту	Бір вагонның шығынын 730 мың теңгеге қысқарту
Автотежеуіш жабдықтарын жаңғырту	Жөндеуаралық мерзімді 4 есе ұлғайту. Тежеуішінің істен шығуы себепті ААЖ б/ша ағытылған вагондар санын қысқарту	Бір вагонның шығынын 80 мың теңгеге қысқарту
Дөңгелектер жұбын жаңғырту	Дөңгелектер жұбының ресурсын 1,5 есе ұлғайту. Дөңгелектер жұбының істен шығуы себепті ААЖ б/ша ағытылған вагондар санын 6 есе қысқарту	Бір вагонның шығынын 350 мың теңгеге қысқарту
Автотіркеу жабдықтарын жаңғырту	Жөндеуаралық кезеңді ұлғайту. Автотіркеу жабдықтары мүмкіндігін 4 есе ұлғайту. ААЖ б/ша ағытылған жүк вагондарының санын қысқарту	Бір вагонның шығынын 150 мың теңгеге қысқарту

2013 жылы Капиталдық салым бағдарламасы аясында Компанияның вагон жөндеу кәсіпорындарындағы құрал-жабдықтарды жаңартып, жаңғырту жөнінде ауқымды жұмыс жүргізілді.

Арыс, Орал, Құшмұрын және Балқаш станцияларындағы вагон жөндеу деполарын қайта жабдықтауға 2013 жылы 340 млн теңгеден астам қаражат салынды. Балқаштағы вагон жөндеу депосында «Сервистік қызмет және жаңа ұрпақ вагондарын жөндеу орталығы» ұйымдастырылды. Өндірістік цехтар 111 млн теңге сомасына қайта құрылып, іске қосылды. Жаңа ұрпақ жүк вагондарына сервистік қызмет көрсетіп, оларды жөндеумен қатар сериялық вагондарды қоса жөндеу мүмкіндігі бар толассыз желісі іске қосылып, бұл мақсатта жалпылай алғанда 1063 млн теңге жұмсалды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жылжымалы жүк құрамын жаңарту жөніндегі стратегиялық жоспарларын жүзеге асыру барысында 2013 жылы «Қазақстанның вагон жасаушы компаниясы» базасында 11-9980 үлгісіндегі жабық вагондар шығаруды игеру үдерісі басталды.

ЭКОЛОГИЯ, КӘСІБИ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАР ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕДІ. 2013 ЖЫЛЫ 7 481 МЫҢ ТЕҢГЕ СОМАСЫНА 8 ШАРА ЖОСПАРЛАНЫП, ОНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ЖЫЛ СОҢЫНДА 100%–ДЫ ҚҰРАДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР, КОМПАНИЯНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ, ОРЫН АЛУЫ МҮМКІН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН КЕЛЕҢСІЗ НЕМЕСЕ ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙЛАР ЖӨНІНДЕ ШЫНАЙЫ АҚПАРАТ АЛУ МАҚСАТЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙҒА ТҰРАҚТЫ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛІП ОТЫРАДЫ.

2013 жылы Компанияда өндірістік жарақат және кәсіптік сырқат жағдайларына жол берілген жоқ.

Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын орындау барысы Компанияда ҚР Еңбек кодексіне сай реттеліп отырады, сонымен қатар қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсарту шаралары алдыңғы жылдың Кешендік жоспарында белгіленіп, көрсетіледі.

2013 ЖЫЛЫ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРҒА САЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАРҒА ЖҰМСАЛҒАН СОМА

39 357,6

МЫҢ ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ

IT-ТЕХНОЛОГИЯЛАР

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамында еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған инновациялық қызметті дамытуға ерекше көңіл бөлінген. 2009-2013 жылдарға арналған Ақпараттандыру стратегиясын жүзеге асыру барысында Компания төмендегідей жобаларды ендіре алды:

1. IP-телефонияны енгізе отырып, мәліметтер жеткізудің корпоративтік жүйесін дамыту.
2. Компанияға тиесілі жүк вагондарының техникалық жағдайын басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ҚТТ АБЖ).

Өз тарапынан ҚТТ АБЖ жобасын енгізу Компанияның 60000-нан астам вагоны бар жүк вагоны паркінің техникалық жағдайы мен есебін басқаруды автоматтандыруға жол ашты.

Екінші кезең аясында Компанияның жүк вагоны паркін экспедиторлау барысы мен операторлық міндеттер автоматтандырылып, жүйені вагон паркінің он сегіз бөліміне тарату шарасы жүзеге асырылды. Бұл бөлімдер жүйе ішіндегі ең басты ақпарат көздері болып табылады. Өз меншігіндегі жүк вагондарын үйлестіріп, басқару жұмыстары дегеніміз Қазақстан темір жолдарының желілік деңгейлерінен келіп түсіп жатқан кең көлемді ақпарат ауқымын, оның ішінде Компанияның өңірлік бөлімшелерінен түсіп жатқан ақпараттар да бар (жүкті тиеу/түсіру, жылжымалы құрам қозғалысы туралы мәліметтер, өткізілетін жүк түрлері туралы, т.т.), жедел түрде өңдеуден өткізу деген сөз.

Вагондарды жөндеуді жоспарлау үдерістерін автоматтандыру негізінде жылжымалы құрамның өндіріске қосыла алмай тұрып қалу жағдайларын дер кезінде анықтай отырып, Компания табыс деңгейін ұлғайтуға қол жеткізуді көздейді. Аталған жобалардың енгізілуі қаржылық тікелей пайдамен қатар кәсіпорынның әрі қарай дамып, жетілуіне заманауи берік ақпараттық негіз құруға да мүмкіндік береді.

«ҚТТ» АБЖ ФУНКЦИОНАЛЫ



ВАГОНДАРДЫҢ НӨМІРЛЕРІ МЕН НӨМІРЛЕНГЕН БӨЛШЕКТЕРІ Б/ША ТАРИХ ҚОРЫ

ОРТАЛЫҚ АППАРАТ



ӨҢІРЛІК 12 БӨЛІМ ЖӘНЕ 18 ВПБ

1 КЕЛІСІМДЕР
2 ӨТІНІМДЕР
3 ТАКСИРОВКА
4 ЕСЕП-ШОТТАР
5 ЖҮК ТИЕУГЕ ЖІБЕРУ
6 МОНИТОРИНГ
7 ЖҮК ТҮСІРУГЕ ЖІБЕРУ
8 АУҚЫМ ЕСЕБІ
9 ТӨЛЕМДЕР Б/ША ЕСЕПТЕСУ



КЛЕНТТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ ТАРИХ ҚОРЫ

05 ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ

2013

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Кіріс құрылымында жүк вагоны паркінің операторы қызметінен түскен табыс үлесі басым (65%). Қалған үлес көрсеткіштерін (35%) жіктесек, төмендегідей:

- жүк вагоны паркінің тасымалды қамтамасыз етуінен түскен табыс;
- экспедиторлық қызметтен түскен табыс,
- қаржыландырудан түскен табыс және т.б.

Шығыс құрылымында қаржыландыруға кеткен шығын үлесі, бос жүк вагондарының жүріс шығыны, негізгі қаражаттардың амортизациясы, вагондарды жөндеуге және олардың босқа тұруына кеткен шығын үлесі басым. Сонымен қатар, шығын құрамында:

- әкімшілік шығындар;
- салық шығындары;
- материалдар;
- өзге де шығындар бар.

2013 жылдың соңында Компанияның табысы

122,7

МЛРД ТЕҢГЕНІ құрады

2014 жылдың 1 қарашасындағы таза пайда

2,1

МЛРД ТЕҢГЕНІ құрады

АКТИВТЕР, МЕНШІКТІК КАПИТАЛ

2013 жылы Компания активтері 600,2 млрд теңгені құрады. Бұл 2012 жылмен салыстырғанда 15,2 млрд теңгеге төмен көрсеткіш (2012 жылы 615,4 млрд теңге).

Компанияның меншік капиталы 2013 жылы 127,5 млрд теңгені құрап (2012 жылы 122,2 млрд теңге), 5,3 млрд теңгеге артты.

Коэффициенттер	Өлшем бірлігі	2012 жыл	2013 жыл	Ауытқулар
EBITDA	млн теңге	45 745	43 452	– 2 272
ROACE	%	6,79	4,29	–0, 025
ROA	%	2,34	0,35	–1,99
Ағымдағы ликвид коэффициенті (ағымдағы активтер/ ағымдағы міндеттемелер)	пункты	1,475	1,444	–0,031

2013 жылдың I тоқсанында Компания «Қазтеміртранс» АҚ және Еуропалық қайта құру және даму банкі арасындағы 2010 жылдың 01 желтоқсанындағы 200 млн АҚШ доллары сомасындағы Қарыз келісімі бойынша 493381 мың теңге сомасындағы қарыз қаражатын игеруді аяқтады.

Компания тарапынан 2013 жылы қарыздар тартылған жоқ, сонымен қатар Компания кредиторлар алдындағы қаржылық міндеттемелерін дер кезінде толық орындауды қамтамасыз етті. Оның ішінде 2010 және 2012 жылдары алған ЕҚДБ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V. қарыздары бойынша да.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

2013 жылы капиталдық салымдар ауқымы 30,5 млрд теңгені құрады. Аталған қаражат төмендегідей шараларға бағытталды:

- жүк вагоны паркін жаңарту (жаңа вагондар сатып алу, тиімді қолданыс мерзімін ұзартуға негізделген жөндеу жұмыстары);
- Компания бөлімшелерін – вагон жөндеу деполарын жарақтандыруға арналған технологиялық құрал-жабдық сатып алу;
- Балқаш және Құшмұрын вагон жөндеу деполарын кешенді түрде қайта құру жұмыстары басталды;
- Компанияның өңірлік бөлімшелері қызметкерлерінің әлеуметтік-тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатында 8 аймақта қызметтік баспана (14 пәтер) сатып алынды;
- «Қазтеміртранс» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылдың 20 қыркүйегіндегі шешімімен бекітілген (Хаттама №11) капиталдық салымдардың шоғырландырылған жоспарына сәйкес Компания қызметін жүзеге асыруға арналған нысандық емес құрал-жабдық және өзге де негізгі қорларды сатып алу.

2013 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯ

1 704

ЖҮК ВАГОНЫН

САТЫП АЛДЫ

ОҒАН ЖҰМСАЛҒАН ЖАЛПЫ СОМА

23,9

МЛРД ТЕҢГЕ



«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2010 ж. 20 тамыздағы №422 бұйрығымен бекітілген жария мүдделі ұйымдардың (қаржылық ұйымдарынан басқа) жариялауы үшін жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандары

2013 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші

2013 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ НЫСАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ МЕН БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Қазтеміртранс» Акционерлік қоғамының басшылығы (бұдан әрі – «Компания») 2013 ж. 31 желтоқсанына Компанияның және оның еншілес ұйымдары (бұдан әрі бірге аталатын – «Топ») қаржылық жағдайын, сонымен бірге оның қаржы нәтижелерін, осы күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражаттарының және капиталдағы өзгерістер қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілігінің стандарттарына («ХҚЕС») және Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2010 ж. 20 тамыздағы №422 Бұйрығымен (№422 Бұйрық) бекітілген ұйымдардың жария мүдделерін (қаржы ұйымдарынан басқа) бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау мақсаттарында жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысанына сәйкес барлық елеулі аспектілерде сенімді бейнелейтін жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауға жауап береді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарын дайындау кезінде басшылық келесі жауапкершіліктерге ие:

- есеп саясатының дұрыс таңдалуы мен принциптерін қолдануын қамтамасыз ету;
- ақпараттарды, оның ішінде есеп саясаты туралы мәліметтерді орындылығы, нақтылығы, салыстырмалылығы мен түсініктілігі қамтамасыз етілген нысанда көрсету;
- ХҚЕС талаптарын орындау қолданушылардың Топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық жағдайы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне не ол, не бұл мәмілелердің, сонымен қатар басқа да жағдайлар мен шарттардың тигізетін әсерінің есептілігін түсіну үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпараттарды ашу;
- №422 Бұйрықпен бекітілген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысанын ұстану, сонымен қатар ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған шоғырландырылған қаржылық есептілігінің негізге сәйкестігі;
- Топтың көз жетерлік келешекте өз қызметін жалғастыру қабілеттілігін бағалау, заңсыз жорамалдан басқа.

Топ басшылығы сондай-ақ, келесі жауапкершіліктерге ие:

- Топтағы ішкі бақылау жүйесінің сенімді және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, әзірлеу және енгізу;
- Топтың мәмілелерін ашып түсіндіруге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізу, сонымен қатар Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы кез-келген күнге жеткілікті дәлдікпен ақпарат беру және шоғырландырылған қаржылық есептілігі нысанының №422 Бұйрықпен бекітілген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі нысанына сәйкестігін, сонымен қатар ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкестігін қамтамасыз ету;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заннамаларына және бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық дұрыс мүмкін шараларды қолдану;
- алаяқтық пен басқа да теріс пайдаланушылық фактілерін анықтау және олардың алдын алу.

Бұл 2013 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандары «Қазтеміртранс» АҚ басшылығымен 2014 ж. 7 наурызда бекітілген.

Топ басшылығының атынан:

Президенттің м. а. Урынбасаров Б. П.

Бас есепші Узенбаев М. Н.

2014 ж. 7 наурыз
Астана қ., Қазақстан Республикасы

Deloitte.

«Делойт» ЖШС
Әл-Фараби даңғ., 36,
Алматы қ., 050059,
Қазақстан Республикасы
Тел: +7 (727) 258 13 40
Факс: +7 (727) 258 13 41
almaty@deloitte.kz
www.deloitte.kz

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«Қазтеміртранс» Акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі мен Акционеріне:

Ұсынылған жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі нысандары, соның ішінде 2013 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған бухгалтерлік баланс (№1 нысан) және сол күнге аяқталған жылға сайлас пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есеп (№2 нысан), ақшалай қаражат қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (№3 нысан) және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп (№4 нысан), сонымен қатар түсіндірме жазба (бұдан әрі бірге «Нысандар») «Қазтеміртранс» АҚ-ның 2013 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есептілігі (бұдан әрі бірге «Есептілік») негізінде дайындалған. Біз 2014 ж. 7 наурыздағы аудиторлық қорытындымызда Топтың Есептілігі бойынша ой білдірдік. Аудит жүргізілген Есептілік пен Нысандар аудиторлық қорытынды шыққан күннен кейінгі жағдайлардың әсерін қамтымайды.

Нысандар ХҚЕС талап ететін барлық ақпарат қамтымайды. Сондықтан Нысандармен танысу Топтың аудит жүргізілген Есептілігімен танысуды алмастырмайды.

Басшылықтың жауапкершілігі

